

**"Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" аудан әкімінің 2016 жылғы 5 сәуірдегі № 8 шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы әкімінің 2016 жылғы 5 маусымдағы N 13 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабының 8-тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 ақпандағы Заңының 27-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның әкімі **ШЕШТІ**:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" аудан әкімінің 2016 жылғы 5 сәуірдегі № 8 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілердің 2016 жылғы 7 сәуірдегі № 3684 мемлекеттік тізілімінде тіркелді, 2016 жылғы 18 сәуірдегі "Есіл Өңірі" аудандық газетінде, 2016 жылғы 18 сәуірдегі "Новости Приишимья" аудандық газетінде жарияланды) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімінің орынбасары А.Б. Бекеевке жүктелсін.

3. Осы шешім қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*В. Дудов*